


5 сынып тапсырмасы


Тапсырманы орындау уақыты – 3 сағат

Дұрыс орындалған әр есепке 7 балл беріледі

1. Гарри, Рон және Гермиона бірдей су өтпейтін мантия сатып алуды жоспарлады. Бірақ олардың ақшасы жетпеді: Ронға – мантия бағасының үштен біріндей, Гермионаға – ширегіндей (төрттен біріндей), ал Гарриге – бестен біріндей. Жаппай сатылым кезінде мантия бағасы 9,4 сикльге төмендегенде, үш дос ақшаларын қосып, барлық ақшаларына үш мантия сатып алды. Жаппай сатылымға дейін бір мантияның бағасы қанша сикль болды?
2. Аня 20 екілікті, ал Ваня 17 бестікті көбейтіп шықты. Енді олар өздерінің осы үлкен сандарын өзара көбейтпекші. Шыққан санның цифрларының қосындысы қандай болады?
3. Қабырғалары 18x18 см болатын квадраттың ішіне бес бірдей тіктөртбұрыш суретте көрсетілгендей орналастырылған. Тіктөртбұрыштың қабырғаларының ұзындығын табыңыз.



4. Төменде берілген фигураны, бөліктерінен 6x6 квадрат құрастыруға болатындай, қалай 3-ке бөлуге болады? Тор сызықтары бойынша ғана кесуге рұқсат. Кесілген бөліктер әр түрлі болуы мүмкін.



5. Данияр және Дастан таулы мекенде тұрады және бір-біріне қонаққа барғанды ұнатады. Олар тауға 3 км/сағ жылдамдықпен шығады, және 6 км/сағ жылдамдықпен түседі (жолдың горизонтальды бөліктері жоқ). Данияр Дастандікіне 2 сағат 30 минутта баратынын, ал 3 сағат 30 минутта қайтатынын есептеді. Данияр мен Дастанның үйлері бір-бірінен қандай қашықтықта?
6. Ұзындықтары не 3, не 4 метр болатын 30 бөрене бар. Бөренелердің жалпы, жиынтық ұзындығы 100 метр. Осы барлық бөренелерді ұзындықтары 1 метр бөліктерге бөлу үшін қанша рет арамен кесу қажет? (Арамен әр кескенде тек бір бөренені кесе аласыз, әрбір ұзындықтағы бөренелердің саны белгісіз).